

Түркістан облысы, Келес ауданы білім бөлімінің «София Ана2»
бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**«СОФИЯ АНА2» БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫ
ЖШС-НІҢ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕМЕН
ЖӘНЕ ОҚЫТУМЕН ҚАМТЫЛМАҒАН
БАЛАЛАРДЫҢ АТА АНАЛАРЫМЕН ЖҰМЫСТЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША
КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТІҢ ЖҰМЫС
ЖОСПАРЫ
2024-2025 оқу жылы**

2024 жыл

Түркістан облысы, Келес ауданы
«София Ана2» бөбекжай балабақшасы ЖШС

Бұйрық №11

28.08.2024 жыл

Абай ауылы

**МДҰ кеңес беру пунктiнiң
жұмысын ұйымдастыру туралы**

Мектепке дейiнгi ұйымдар қызметiнiң үлгiлiк қағидалары негiзiнде және мектепке дейiнгi ұйымдарға бармайтын мектеп жасына дейiнгi балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға әдiстемелiк, диагностикалық және консультациялық көмек көрсету үшiн

БҰЙЫРАМЫН:

1. Жаңа **2024 -2025** оқу жылынан бастап «София Ана2» бөбекжай балабақшасы ЖШС-де мектепке дейiнгi ұйымының базасында ата-аналарға арналған кеңес беру пунктi ашылсын.
2. Кеңес беру пункттiң жұмыс кестесi бекiтiлсiн.
3. Кеңес беру пункттiң жұмыс жоспары бекiтiлсiн.
4. Кеңес беру пунктiнiң жұмысы туралы ақпаратты сайтқа және мектепке дейiнгi ұйымының хабарландыру бұрыштарына орналастырылсын.
5. Консультациялық көмек көрсету үшiн мамандар бекiтiлсiн. 6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау МДҰ әдiскерге 3. Бердиходжаеваға жүктелсiн.

«София Ана2» бөбекжай
балабақшасының меңгерушiсi



Бердиходжаева З

**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕМЕН ЖӘНЕ ОҚЫТУМЕН ҚАМТЫЛМАҒАН
БАЛАЛАРДЫҢ АТА-АНАЛАРЫМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ
БОЙЫНША КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРГЕ АРНАЛҒАН
НҰСҚАУЛЫҚТАР**

*(Нұсқаулық ҚР БҒМ «Балаларды ерте дамыту институтының» Ғылыми
әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2022 жылғы 27 маусымдағы №6
хаттама)*

**КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ
БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚТАР**

Жалпы ереже

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған консультациялық пункттер мектепке дейінгі ұйымдардың базасында ұйымдастырылады және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын іске асыратын мектепке дейінгі білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесі.

Консультациялық пункттер мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен дамытуда отбасына көмек көрсетудің бір түрі болып табылады.

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) арналған консультациялық пункттердің қызметі мектепке дейінгі ұйымы мен баланың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) өзара міндеттемелері туралы келісім -шартқа *(1 қосымша)* сәйкес өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

Консультациялық пункт қызметінің мақсаттары мен міндеттері

Ата-аналарға (заңды өкілдерге) арналған консультациялық пункттің жұмысы білім беру саласындағы мемлекеттік саясат қағидаттарын іске асыруға, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға көмек көрсетуді қамтамасыз етуге бағытталған.

Мақсаты: мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету. ***Негізгі міндеттері :***

- мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуы мәселелері бойынша ата-аналарға (заңды өкілдерге) әдістемелік көмек көрсету, мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету ;
- ата-аналарға (заңды өкілдерге) бір жастан бастап бірінші сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды тәрбиелеу, оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсету;
- ата-аналарға (заңды өкілдерге) диагностикалық көмек көрсету, мектеп жасына балалардың дамуындағы мәселелерді анықтау және диагностикалау;
- мектеп жасына дейінгі балалардың дене бітімі, психологиялық және әлеуметтік дамуындағы әртүрлі ауытқулардың алдын алу; – мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған ата аналарға (заңды өкілдерге) ақпараттық қолдау көрсету; – тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен тығыз ынтымақтастық орнату болып табылады.

Консультациялық пункттің қызметін ұйымдастыру

- Консультациялық пункттің қызметі шеңберінде:

- диагностикалық көмек беру - баланы психологиялық педагогикалық зерделеу, бала тұлғасының жеке ерекшеліктері мен бейімділігін, оның әлеуетті мүмкіндіктерін айқындау, сонымен қатар дамуындағы, әлеуметтік бейімделуіндегі
- бұзушылықтардың себептері мен тетіктерін анықтау, баланы одан әрі дамыту және тәрбиелеу бойынша ұсынымдар әзірлеу; – консультациялық көмек беру - психологиялық, әлеуметтік, педагогикалық консультация беру, ата-аналарды (занды өкілдерді) бала дамуының физиологиялық және психологиялық ерекшеліктері, тәрбиенің негізгі бағыттары, күйзеліс жағдайларын еңсеру туралы хабардар ету;
- әдістемелік көмек беру - ата-аналарды (занды өкілдерді) ағарту, ата-аналарды туындайтын отбасылық мәселелердің алдын алуға, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға, отбасында жағымды қарым-қатынастарды қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әдістер мен тәсілдер туралы хабардар ету; ата-аналарды отбасы жағдайында тәрбие процесін ұйымдастыруға, үйретуге бағытталған баланың жеке даму ерекшеліктері негізінде түзету және дамыту технологияларымен таныстыру.

Консультациялық пункт қызметінің негізгі нысандары: ата-аналардың (занды өкілдердің) сұранысы бойынша қажетті жеке және топтық консультациялар беру, жазбаша өтініш бойынша сырттай консультация беруді ұйымдастыру, ата-аналар (занды өкілдер) үшін дәрістер, теориялық және практикалық семинарларды ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйымның сайтына орналастыру арқылы консультациялар мен әдістемелік ұсынымдар беру, балабақша мамандарының мектеп жасына дейінгі балаларға диагностикалық зерттеу жүргізуі болып табылады.

Отбасыларға консультация беру жұмысы мамандардың: басшының, әдіскердің, тәрбиешінің, медициналық қызметкердің, психологтың, логопедтің және басқа мамандардың қызметін кіріктіру негізінде құрылады.

Консультациялық пункттерге жұмысқа тартылған мамандардың саны мектепке дейінгі ұйымның түрімен, оның кадрлық құрамымен айқындалады.

Консультациялық пункттің қызметін тіркеу үшін келесідей құжаттаманы жүргізу қажет:

- ата-аналардың алдын-ала жазылу журналы;
- өткізілген іс-шаралар кестесі және ата-аналардың (занды өкілдерінің) өтініштерін есепке алу журналы (2-қосымша);
- консультациялық пункттің жұмыс жоспары;
- консультациялық пункттің жұмыс кестесі,
- жыл бойғы жұмысты талдау.

Консультациялық пункттің жұмыс кестесін мектепке дейінгі ұйымның басшысы бекітеді.

Консультациялық пунктті басқару және оған басшылық ету

Консультациялық пунктке тікелей басшылықты мектепке дейінгі ұйымның басшысы жүзеге асырады.

Мектепке дейінгі ұйымның басшысы консультациялық пункттің әрбір қызметкерінің лауазымдық (функционалдық) міндеттерін айқындайды.

Консультациялық пункттің педагогикалық процесіне

қатысушылардың құқықтары мен міндеттері

Консультациялық пункттегі педагогикалық процестің қатысушылары балалар, ата-аналар (заңды өкілдері), мектепке дейінгі ұйымның педагогтері болып табылады.

Консультациялық пункттің педагогтері:

- ата-аналар арасында педагогикалық білімді белсенді тарату; – балаларды тәрбиелеуде отбасына тәжірибе арқылы көмек көрсету;
- ата-аналарды консультациялық пункттің педагогикалық қызметіне тарту;
- балалармен диагностикалық және түзету жұмыстарын жүргізу.

Консультациялық пункт педагогтері:

- жеке-бағдарланған тәсіл негізінде балалармен сабақ бағдарламасын әзірлеуге;
- жұмыста қажетті әдістемелік әдебиеттер мен оқу құралдарын қолдануға;
- консультациялық пункт жұмыс жоспарын құруға;
- ата-аналарды балалармен жұмыс істеуге белсенді қатысуға тартуға;
- балалармен және олардың ата-аналарымен жұмыс істеу үшін бағдарламалар мен әдістемелік құралдарды таңдауға құқығы бар. Ата-аналар (заңды өкілдер):
- консультациялық пункт жұмыс тәртібін сақтауға; – консультациялық пункт педагогтерінің ұсынымдарын орындауға міндетті. Ата-аналардың (заңды өкілдер): – консультациялық пункт жұмысына қатысуға;
- балалардың сабағына қатысуға;
- бала тәрбиесі мен дамуына байланысты қажетті көмек алуға; – ұсынымдар беруге, консультациялық пункт жұмысы бойынша ұсыныстар жасауға құқығы бар.

«София Ана2» бөбекжай-балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БҰЙРЫҚ №1

« 28» тамыз 2024 жыл

«Консультациялық пункт мамандарын тағайындау туралы»

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын (2023 жылғы 28 наурыздағы №249 ҚРК) іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарына сәйкес отбасы мен тәрбиеленушіні психологиялық педагогикалық қолдау мақсатында және Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (ҚР ОАМ 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдар жанынан ата-аналардың (заңды өкілдердің) қажеттіліктері ескеріліп, мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған және қамтылмаған балалардың ата - аналарына арналған консультациялық пункттер (бұдан әрі КП) жұмысын ұйымдастыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН.**

1. 2024-2025 оқу жылына мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылған және қамтылмаған балалардың ата - аналарына арналған консультациялық пункттер жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Балалардың ата аналарына немесе заңды өкілдеріне консультациялық пункт мамандары төмендегі тізімге сәйкес бекітілсін:
 - 2.1 Меңгеруші, – Бердиходжаева З
 - 2.2 Мейірбике - Керимбаева Әсем
 - 2.3 Тәрбиеші – Смайыл Балжан
 - 2.4 Тәрбиеші – Қолдасова Нағима

3. Консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастыру және жүргізу консультациялық пункт мамандарына жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау және бағалауды өзіме қалдырамын.

«София Ана2» б\б ЖШСның меңгерушісі:



Бердиходжаева З

Бұйрықпен таныстым:

Керимбаева Әсем

28.08.2024 жыл (Т.А.Ә) (қолы) (күні, айы, жылы)

Бұйрықпен таныстым:

Смайл Балжан

28.08.2024 жыл (Т.А.Ә) (қолы) (күні, айы, жылы)

Бұйрықпен таныстым:

Қолдасова Нағима

28.08.2024 жыл (Т.А.Ә) (қолы) (күні, айы, жылы)

Бекітемін:
«София Ана2» бөбекжай балабақшасы ЖШС-нің
Менгерушісі:
З. Бердиходжаева
«29» тамыз 2024 жыл



**«София Ана2» БӨБЕКЖАЙ БАЛАБАҚШАСЫ ЖШС-НІҢ
КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ ПУНКТ МАМАНДАРЫНЫҢ
ЖҰМЫС КЕСТЕСІ
2024-2025 оқу жылы**

№	Апта күндері	Жұмыс уақыты	Жұмыс нысаны	Жауапты маманның лауазымы, Т.А.Ә
1	Дүйсенбі	09.00-10.00	Жалпы бақылау, ұйымдастыру	Менгеруші Бердиходжаева З
2	Сейсенбі	14.00-15.00	Әдістемелік көмек көрсету Психологиялық кеңес	Әдіскер Бердиходжаева З
3	Сәрсенбі	14.00-15.00	Денсаулық сақтау кеңесі	Медбике Керимбаева Ә
4	Бейсенбі	14.00-15.00	Эстетикалық тәрбие Шығармашылық жұмыстар	Тәрбиеші Смайл Б
5	Жұма	14.00-15.00	Тәрбие және оқыту бойынша кеңес Тіл дамыту жұмыстары	Тәрбиеші Қолдашова Н

Бекітемін:
«София Ана2» бөбекжай балабақшасы ЖШС-нің
менгерушісі:
Бердиходжаева Д
Тамыз 2024 жыл



**«София Ана2» бөбекжай балабақшасы ЖШС
2024–2025 оқу жылына арналған
КОНСУЛЬТАТИВТІК ПУНКТТІҢ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

Мақсаты:

Мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылмаған балалардың ата аналарына әдістемелік, психологиялық, педагогикалық көмек көрсету, бала тәрбиесі мен дамуына қолдау көрсету.

Міндеттері:

- Ата-аналарға мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бойынша кеңес беру;
- Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамуына ықпал ету; -
- Отбасындағы тәрбиенің тиімді жолдарын насихаттау;
- Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру;
- Баланың әлеуметтік бейімделуіне көмек көрсету.

Консультативтік пункт құрамы

№	Мамандар	Міндеті
1	Меңгеруші	Жалпы бақылау, ұйымдастыру
2	Әдіскер	Әдістемелік көмек көрсету, Психологиялық кеңес
3	Тәрбиеші	Тәрбие және оқыту бойынша кеңес Тіл дамыту жұмыстары
4	Тәрбиеші	Эстетикалық тәрбие. Шығармашылық жұмыстар

Жылдық жұмыс жоспары

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру туралы бұйрығын; Консультативтік пункт жұмыс жоспарын,мамандардың жұмыс кестесін бекіту	Тамыз	Меңгеруші Бердиходжаева З
2	Ата-аналардан өтініштер қабылдау,	Қыркүйек	Әдіскер Бердиходжаева З

	тіркеу жұмыстарын жүргізу		
3	Ата-аналардың сұраныстары мен балалардың даму ерекшеліктеріне сәйкес кеңес беру жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	КП мамандары
4	«Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында кеңес беру	Қыркүйек	Әдіскер Бердиходжаева З
5	«Отбасындағы бала тәрбиесі» тақырыбында ата-аналармен сұхбат	Қазан	Тәрбиеші Сейдуллаева Г
6	Балалардың сөйлеу тілін дамыту жолдары бойынша кеңес	Қазан	Тәрбиеші Қолдашова Н
7	«Баланың жас ерекшелігіне сай ойын түрлері» тақырыбында практикалық кеңес	Қараша	Тәрбиеші Смайл Б
8	«Баланың психологиялық дамуы» тақырыбында жеке кеңестер	Қараша	Әдіскер Бердиходжаева З
9	Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстары	Желтоқсан	Мейірбике Керімбаева Ә
10	«Үй жағдайында шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру» тақырыбында кеңес	Қаңтар	Әдіскер Бердиходжаева З
11	Ата-аналарға мнемотехника элементтерін таныстыру	Қаңтар	Тәрбиеші Смайл Б
12	«Баланың ұсақ қол моторикасын дамыту» тақырыбында шеберлік сағаты	Ақпан	Тәрбиеші Сейдуллаева Г
13	Музыкалық ойындардың бала дамуына әсері туралы кеңес	Ақпан	Тәрбиеші Қолдашова Н
14	«Баламен дұрыс қарым-қатынас жасау» тақырыбында тренинг	Наурыз	Әдіскер Бердиходжаева З
15	Ұлттық ойындар арқылы тәрбие беру бойынша кеңес	Наурыз	Тәрбиеші Смайл Б

	«Мектепке дайындық» тақырыбында ата-аналарға кеңес	Сәуір	Әдіскер Бердиходжаева З
	Балалардың денсаулығын нығайту жолдары туралы кеңес	Сәуір	Мейірбике Керимбаева Ә
	Жылдық жұмыстарға талдау жасау	Мамыр	Меңгеруші Бердиходжаева З
9	Консультативтік пункт жұмысының қорытынды есебін дайындау	Мамыр	Әдіскер Бердиходжаева З

Күтілетін нәтиже:

- Ата-аналардың педагогикалық сауаттылығы артады; - Балалардың танымдық, тілдік және әлеуметтік дамуына қолдау көрсетіледі;
- Отбасы мен балабақша арасындағы байланыс нығаяды; - Балалардың мектепке дейінгі білім алуға дайындығы қалыптасады.

**Түркістан облысы, Келес ауданы, Абай ауылы елді мекені «София Ана2» бөбекжай балабақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен баланың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) өзара міндеттемелері туралы
№ 1 шарт**

«01» қыркүйек 2024 ж.

Бердиходжаева Замира Иманқызы мектепке дейінгі ұйымының меңгерушісі атынан ЖШС «София Ана2» бөбекжай балабақшасы мектепке дейінгі ұйым бір тараптан және анасы (әкесі, оларды алмастыратын тұлға), бұдан әрі «Ата-ана» **Тойшиева Айдын** деп аталады, келесі тараптан төмендегі мазмұнда осы Шартты жасады:

1. Мектепке дейінгі ұйым міндеттенеді:

- 1.1. Ата-анасының өтініші негізінде баланы МДҰ-ның консультациялық пунктіне есепке алу.
- 1.2. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғауды, оның зияткерлік, дене және жеке дамуын қамтамасыз етуге; баланың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оған деген жеке әдісті жүзеге асыруға, баланың эмоциялық игілігіне қамқорлық жасауға.
- 1.3. Заттық-дамытушылық ортаны ұйымдастыру (үй-жайлар, жабдықтар, оқу-көрнекі құралдар, ойындарға арналған материалдар).
- 1.4. Баланың әрекетін жасына, жеке ерекшеліктеріне, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес ұйымдастыру.
- 1.5. Мамандар қызметін ұсыну
- 1.6. Бала ауырып қалғанда, сондай-ақ ата-анасы (заңды өкілі) дәлелді себептермен (ауруы, іссапар және т.б.) демалыста және уақытша болмаған жағдайда балабақшаның кеңес беру пунктінде баланың орнын сақтау.
- 1.7. МДҰ-ның консультациялық пунктінде болған кезеңінде бала мүлкінің пунктте сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.
- 1.8. Ата-анаға (заңды өкілге) баланы тәрбиелеу мен оқытуда, оның дамуындағы ауытқуларды түзетуде білікті көмек көрсету.
- 1.9. Осы Шартты сақтау.

2. Ата-ана міндеттенеді:

- 2.1. Осы Шартты сақтау.
- 2.2. Баланың алдағы уақытта болмауы туралы балабақшаға хабарлау (демалыс, ауру және т.б.).
- 2.3. Баланы тәрбиелеу мен оқытудың барлық бағыттары бойынша МДҰ консультациялық пунктімен өзара әрекеттесу, бірлескен іс шараларға белсенді қатысу.

3. Мектепке дейінгі ұйым құқылы:

- 3.1. Баланың консультациялық пунктте одан әрі болуына кедергі келтіретін баланың денсаулық жағдайы туралы медициналық қорытынды болған кезде, баланы шығарып жіберуге.
- 3.2. Ата-анасы (заңды өкілі) өз міндеттемелерін жүйелі түрде орындамаған жағдайда, оған бұл туралы 10 күн бұрын хабарлап, осы Шартты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

4. Ата-ана құқылы:

- 4.1. Балабақшаның консультациялық пунктінде балалармен жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.

- 4.2. Консультациялық пункттің жұмысы туралы есептерді тыңдау. 4.3. Мектепке дейінгі ұйым басшысына бұл туралы алдын ала 10 күн бұрын хабарлай отырып, осы Шартты бір жақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзу.

5. Шарттың қолданылу талаптары.

- 5.1. Шарт оған қол қойылған сәттен бастап қолданылады, тараптардың келісімі бойынша ұзартылуы, өзгертілуі, толықтырылуы мүмкін.
- 5.2. Шартқа өзгерістер, толықтырулар Шартқа қосымша түрінде ресімделеді.

6. Тараптардың жауапкершілігі.

- 6.1. Тараптар міндеттеменің орындалмағаны немесе тиісті дәрежеде орындалмағаны үшін жауапты.

7. Шарттың қолданыс мерзімі **2024-2025 оқу жылы** аралығында.

8. Шартқа қол қойған тараптар:

Мектепке дейінгі ұйым атынан: «София Ана2» бөбекжай-бадбақшасы ЖШС-нің меңгерушісі/мәжбүршісі Бердиходжаева З : Бердиходжаева З «01» қыркүйек 2024 жыл 	Ата-ананың (занды өкіл) ТАӘ: Тойшиева Айдын (қолы) Мекен жайы: Абай ауылы елді мекені Улы Тау көшесі №3 үй Байланыс нөмірі: 8-705 7947521 «01» қыркүйек 2024 жыл
---	---

**«София Ана2» бөбекжай балабақшасы ЖШС бойынша мектепке
дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-
аналарына (заңды өкілдеріне) арналған білім беру ұйымдарының
жанындағы консультациялық пунктке келетін
балалар тізімі 2024-2025 оқу жылы**

№	АТА-АНАНЫҢ (заңды өкілдің) АТЫ-ЖӨНІ	БАЛАНЫҢ АТЫ ЖӨНІ	ТУҒАН КҮНІ,АЙЫ,ЖЫЛ Ы Баланың жасы	МЕКЕН ЖАЙЫ, БАЙЛАНЫС НӨМІРІ
1	Тойшиева Айдын	Абдаким Айару	07.10.2022ж	Абай ауылы елді мекені Улы Тау көшесі №3 үй 8-705 7947521
2	Умарова Акерке	Ализатқызы Амина	16.05.2021	Абай а/о Рыскулов №16 8 771 412 56 35
3	Мухамедалиева Маншук	Мухамедалиева Бибимарьям	12.11.2021	Шаназаров №14 8 775 732 77 57
4	Жумабаева Улданай	Құрбанбек Раяна	27.09.2019ж	Бейнбет Майлин №66 8 775 694 01 11
5	Зият Акмарал	Абдаким Нурболат	10.07.2020	Ерғалиев № 15 8 705 585 42 29

**«София Ана2» бөбекжай балабақшасы ЖШС
КОНСУЛЬТАТИВТІК ПУНКТ БОЙЫНША КЕЗЕКТЕН ТЫС ОТЫРЫСЫНЫҢ
№1 ХАТТАМАСЫ**

Өткізілген күні: 03 маусым 2025 жыл
Өткізілген орны: «София Ана2» бөбекжай балабақшасы ЖШС
Қатысқандар: КП мамандары

КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы консультативтік пункт жұмысының қорытындысын талдау.
2. Ата-аналармен жүргізілген педагогикалық-психологиялық жұмыстардың нәтижелері.
3. 2025–2026 оқу жылына арналған ұсыныстар мен міндеттерді айқындау.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша:

Балабақша меңгеруші және әдіскері Бердиходжаева З сөз сөйлеп, 2024–2025 оқу жылында консультативтік пункт жұмысы бекітілген жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілгенін баяндады. **Бердиходжаева З** өз сөзінде консультативтік пункттің негізгі мақсаты мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылмаған балалардың ата аналарына педагогикалық, психологиялық және әдістемелік көмек көрсету болғанын атап өтті. Жыл бойы ата-аналармен жеке және топтық кеңестер, түсіндіру жұмыстары, практикалық сабақтар, тренингтер ұйымдастырылғанын айтты.

Сонымен қатар балалардың сөйлеу тілін дамыту, танымдық қабілеттерін жетілдіру, ұсақ қол моторикасын дамыту, мектепке даярлау, психологиялық бейімдеу бағыттарында жұмыстар жүргізілгенін баяндады. Жыл ішінде консультативтік пунктке жүгінген ата-аналар саны артып, олардың тарапынан оң пікірлер айтылғанын жеткізді.

Бердиходжаева З консультативтік пункт жұмысының нәтижесінде ата-аналардың педагогикалық сауаттылығы артып, бала тәрбиесіне деген жауапкершілігінің күшейгенін атап өтті.

Екінші мәселе бойынша:

Бердиходжаева З сөз алып, оқу жылы барысында балалардың психологиялық дамуы мен бейімделуі бағытында жүргізілген жұмыстарға тоқталды.

Меңгерушінің айтуынша, «Баланың балабақшаға бейімделуі», «Баламен дұрыс қарым-қатынас жасау», «Отбасындағы жағымды психологиялық ахуал» тақырыптарында ата-аналарға кеңестер мен тренингтер өткізілген.

Жеке кеңес беру барысында кейбір балалардың тұйықтық, мазасыздық, өзіне сенімсіздік белгілері анықталып, ата-аналарға қажетті ұсыныстар берілген. Сонымен қатар ата-аналардың балалардың эмоциялық жағдайына көбірек көңіл бөле бастағаны, балаға қолдау көрсету дағдылары қалыптаса бастағаны айтылды.

Келесі кезекте тәрбиеші Керимбаева Ә сөз сөйледі.

Тәрбиеші балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында жүргізілген жұмыстар туралы баяндады. Ата-аналарға үй жағдайында қолдануға болатын дамытушы ойындар, саусақ жаттығулары, логикалық тапсырмалар, мнемотехника элементтері таныстырылғанын айтты.

Тәрбиеші өз сөзінде ата-аналардың практикалық жұмыстарға қызығушылық танытқанын, әсіресе ұсақ қол моторикасын дамыту мен ойын арқылы оқыту әдістерін жиі сұрағанын атап өтті. Жыл соңында балалардың сөздік қорының кеңейіп, ойлау белсенділігінің артқаны байқалғанын жеткізді.

Тәрбиеші Смайл Б сөз сөйледі. Тәрбиеші балалардың сөйлеу тілін дамыту жұмыстары жөнінде баяндама жасады. Жыл бойы ата-аналарға балалармен күнделікті тілдік қарым-қатынас жасау, ертегі оқу, жаңылтпаштар жаттату, сұрақ-жауап әдістерін қолдану жөнінде кеңестер берілгенін айтты.

Сонымен қатар кейбір ата-аналардың балалармен қазақ тілінде сөйлесу белсенділігі артқаны байқалғанын, балалардың сөздік қоры молайып, байланыстырып сөйлеу дағдыларының қалыптаса бастағанын атап өтті. **Тәрбиеші Сейдуллаева Г:** Музыкалық ойындар мен ырғақты қимылдардың бала дамуына тигізетін әсері туралы ата-аналарға кеңестер жүргізілгенін баяндады. Балалардың музыкалық қабілеттерін дамыту, ырғақты сезіну, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру мақсатында түрлі жұмыстар ұйымдастырылғанын айтты.

Сонымен қатар ата-аналардың балалармен бірге ән айтып, музыкалық ойындар ұйымдастыруға қызығушылық танытқаны атап өтілді. **Мейірбике Керімбаева Ә сөз сөйледі.**

Мейірбике балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бағытында атқарылған жұмыстар жөнінде баяндады. Ата-аналарға дұрыс тамақтану, жеке бас гигиенасы, маусымдық аурулардың алдын алу, дене белсенділігінің маңызы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілгенін айтты.

Сонымен қатар балалардың денсаулығына жауапкершілікпен қарау, күн тәртібін сақтау және таза ауада серуендеудің маңыздылығы жөнінде ата-аналарға тұрақты түрде кеңестер берілгенін жеткізді.

Үшінші мәселе бойынша:

Балабақша меңгерушісі Бердиходжаева З сөз сөйлеп, консультативтік пункт жұмысының жыл қорытындысы бойынша қанағаттанарлық деңгейде жүргізілгенін атап өтті.

Меңгеруші өз сөзінде ата-аналармен байланысты одан әрі нығайту, онлайн кеңестер ұйымдастыру, практикалық жұмыстардың санын көбейту және мектепке даярлау бағытындағы жұмыстарды күшейту қажеттігін айтты. Сонымен қатар алдағы оқу жылында жаңа әдіс-тәсілдерді енгізіп, ата-аналармен кері байланысты тұрақты жүргізу керектігі жөнінде ұсыныстар берді.

ШЕШІМІ:

1. 2024–2025 оқу жылындағы консультативтік пункт жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Консультативтік пункттің жылдық жұмыс қорытындысы бекітілсін.
3. Ата-аналармен жүргізілетін педагогикалық-психологиялық жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
4. 2025–2026 оқу жылында онлайн кеңестер, практикалық сабақтар мен шеберлік сағаттарының саны арттырылсын.
5. Балалардың мектепке даярлығын арттыру бағытындағы жұмыстар күшейтілсін.
6. Мамандар тарапынан ата-аналарға әдістемелік және психологиялық көмек тұрақты түрде көрсетілсін.

Төрайым:  Бердиходжаева

Хатшы: Керімбаева К

«София Ана2» бөбекжай балабақшасы ЖШС 2024–2025 оқу жылы бойынша консультативтік пункт жұмысына жылдық талдау

2024–2025 оқу жылында «София Ана2» бөбекжай балабақшасы ЖШС жанындағы консультативтік пункт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарын басшылыққа ала отырып, бекітілген жылдық жоспар негізінде өз жұмысын жүйелі түрде жүргізді.

Консультативтік пункттің негізгі мақсаты – мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылмаған балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету, ата-аналардың педагогикалық сауаттылығын арттыру, бала тәрбиесінде отбасы мен балабақша арасындағы өзара байланысты нығайту, сондай-ақ балалардың жан-жақты дамуына ықпал ету болды.

Оқу жылының басында консультативтік пункттің жұмыс жоспары құрылып, мамандар құрамы бекітілді. Консультативтік пункт құрамында меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер және мейірбике қызмет атқарды. Әр маман өз бағыты бойынша ата-аналарға кеңес беру, түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру, әдістемелік көмек көрсету жұмыстарын жүргізді.

Жыл басында ата-аналардан өтініштер қабылданып, мектепке дейінгі тәрбиемен қамтылмаған балалар туралы мәліметтер жинақталды. Балалардың жас ерекшеліктері, даму деңгейлері, отбасылық жағдайлары зерделеніп, қажеттіліктеріне қарай жеке жұмыс бағыттары белгіленді. Консультативтік көмекке жүгінген ата-аналармен жеке, топтық, ауызша және жазбаша кеңестер ұйымдастырылды.

Консультативтік пункттің жұмысында бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелер кеңінен қарастырылды. Атап айтқанда, балалардың балабақшаға бейімделуі, жас ерекшелігіне сай дамуы, сөйлеу тілінің қалыптасуы, мінез-құлық мәдениеті, танымдық белсенділігі, әлеуметтік ортаға бейімделуі, шығармашылық қабілеттері мен мектепке даярлығы бағытында жұмыстар жүргізілді.

Әдіскер **Бердиходжаева З** тарапынан балалардың эмоциялық жай-күйін анықтау, мінез-құлық ерекшеліктерін бақылау, ата-аналарға психологиялық қолдау көрсету бағытында кең көлемді жұмыстар атқарылды. «Баланың балабақшаға бейімделуі», «Баламен дұрыс қарым-қатынас жасау», «Бала психологиясындағы ата-ананың рөлі» тақырыптарында кеңестер мен тренингтер өткізілді. Ата-аналарға балалармен сенімді қарым-қатынас орнату, жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру, баланың өзіне деген сенімін арттыру жөнінде практикалық ұсыныстар берді.

Тәрбиеші Смайыл Балжан тарапынан балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар ұйымдастырылды. Ата-аналарға үй жағдайында баламен жұмыс жүргізудің тиімді тәсілдері түсіндірілді. Дамытушы ойындар, саусақ жаттығулары, логикалық тапсырмалар, мнемотехника элементтері, ұсақ қол моторикасын дамыту әдістері көрсетіліп, тәжірибелік кеңестер берілді.

Сонымен қатар балалардың күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру, ойын арқылы оқыту мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Тәрбиеші Смайыл Балжан сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын байыту, дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету бағытында ата-аналарға әдістемелік көмек көрсетті. Балалардың тілдік қарым-қатынасын дамытуда ертегі, мақал-мәтел, жаңылтпаш, саусақ ойындары мен көркем әдебиетті қолданудың маңыздылығы түсіндірілді. Сонымен қатар ата-аналарға балалармен күнделікті тілдік қатынас

жасау, сұрақ-жауап әдісін қолдану жөнінде ұсыныстар берілді.

Тәрбиеші Сейдуллаева Г балалардың эстетикалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында музыкалық ойындардың, ырғақты қимылдардың және ән айтудың бала дамуына тигізетін әсері жөнінде кеңестер өткізді. Ата-аналарға үй жағдайында музыкалық ойындарды ұйымдастырудың қарапайым тәсілдері көрсетілді.

Мейірбике Керимбаева Ә тарапынан балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, дұрыс тамақтану, жұқпалы аурулардың алдын алу, дене белсенділігі және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар маусымдық аурулардың алдын алу, дәрумендердің маңызы, таза ауада серуендеудің пайдасы туралы ақпараттық кеңестер берілді.

Жыл бойы өткізілген жұмыстар барысында ата-аналардың консультативтік пункт қызметіне деген қызығушылығы артқаны байқалды. Ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтар мен ұсыныстар ескеріліп, қажетті тақырыптар бойынша қосымша кеңестер ұйымдастырылды. Консультативтік пункт мамандары ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, олардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыруға ықпал етті.

Консультативтік пункт жұмысының нәтижесінде төмендегідей оң көрсеткіштерге қол жеткізілді:

- ✓ ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығы артты;
- ✓ балалардың танымдық, тілдік және әлеуметтік даму деңгейлерінде оң өзгерістер байқалды;
- ✓ балалардың қарым-қатынас жасау дағдылары қалыптасты; ✓ ата-аналардың мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға деген қызығушылығы күшейді;
- ✓ отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық нығайды; ✓ балалардың мектепке психологиялық және әлеуметтік даярлығына қолдау көрсетілді.

Сонымен қатар оқу жылы барысында кейбір ата-аналардың уақыттың тығыздығына байланысты барлық іс-шараларға толық қатыса алмауы байқалды. Осыған байланысты алдағы оқу жылында онлайн кеңестер ұйымдастыру, практикалық жұмыстардың санын көбейту, ата-аналармен кері байланысты күшейту жоспарланып отыр.

Қорытындылай келе, «София Ана2» бөбекжай балабақшасы ЖШС жанындағы консультативтік пункттің 2024–2025 оқу жылындағы жұмысы жоспарлы, жүйелі және нәтижелі деңгейде жүргізілді. Жылдық жоспардағы іс-шаралар толық орындалып, қойылған мақсат пен міндеттер жүзеге асырылды деп есептеледі. Алдағы уақытта консультативтік пункт жұмысын жетілдіру, ата-аналармен серіктестікті нығайту және балалардың жан-жақты дамуына бағытталған жұмыстарды жалғастыру көзделуде.